



## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2021 жылдың 11 наурызы

### **KASE листингілік рәсімдерді электрондық форматқа ауыстырды**

"Қазақстан қор биржасы" (әрі қарай – Биржа, KASE) Биржаның листингілік және өзге процедураларын электрондық форматта жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, "Issuers to investors" (is2in жүйесі, <https://is4in.kase.kz>) жеке мамандандырылған электрондық құжат айналымы жүйесінің жаңа үлгісін пайдалануды іске қосқан туралы хабарлайды.

Is2in жүйесі Биржа мен оның клиенттері арасындағы қағаз тасымалдауыштардағы құжат айналымын қысқарту мақсатында әзірленді әрі жетілдірілді.

Is2in жүйесі жаңа үлгісінің функционалы KASE клиенттеріне Биржаға өтінім беруге және электрондық форматта листингі процедурасынан өту үшін қажетті құжаттарды беруге, сондай-ақ жеке кабинетінде немесе электрондық мекен-жайында хабарламалар арқылы өтінімдердің қаралу процесін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Клиенттер осы жүйемен листинг туралы, бағалы қағаздарды делистингіленуі туралы, бағалы қағаздардың ресми тізімнің бір санатынан екінші санатына ауысуын, сондай-ақ бағалы қағаздардың шығарылымын тіркеу үшін алдын ала қорытындылары және Листингілік комиссияның немесе Биржа Басқармасының шешімдері туралы хабарламаларды алып отырады.

Is2in жүйесінің жаңа үлгісі пайдалану қарапайымдылығымен ерекшеленеді әрі уәкілетті орган тарапынан, сондай-ақ Биржа тарапынан талап етілген қауіпсіздік талаптарына жауап береді.

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

*Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)*